

3-сынып БЖБ №1 «Жанды табиғат» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлім/Тақырып:	«Жанды табиғат»
Сөйлеу әрекетінің түрлері:	Тыңдалым Айтылым
Оқу мақсаты:	3.1.3.1 Тыңдаған материалдың (ұзақтығы 1,5-2 мин) мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру және сюжеттің даму желісі бойынша иллюстрациялар орналастыру/кесте толтыру/мазмұндау. 3.2.1.1 Берілген тақырыпқа қатысты сөздерді табу және сөйлеу барысында қолдану. 3.2.2.1 Берілген тірек сөздер негізінде сөйлеу (3-4 сөйлем).
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	<i>Білім алушы</i> • Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; • Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды және қолданады; • Тірек сөздерге сүйеніп әңгімелейді.
Орындау мерзімі:	20 минут
Тыңдалым	
1. Мәтінді тыңдаңыз. Тапсырманы орындаңыз.	

Көгершін, тоқылдақ, қарлығаш – құстар. Құстар – біздің достарымыз. Құстардың пайдасы көп. Олар орманда мекендейді. Табиғатты қорғайды. Мысалы, тоқылдақ ағаштарды қорғайды. Ұясын ағаштың басына салады. Оны «орман дәрігері» деп атайды.

Қарлығаш егінді қорғайды. Ұясын үйдің шатырына салады. Қарлығаш жоғары ұшады. Көгершін – бейбітшілік құсы. Көгершіндер бұрын хат тасыған. 1 сәуір – құстар күні. Құстар да жанды табиғатқа жатады.

1. Тоқылдақты неліктен «орман дәрігері» деп атайды?

- A) Өйткені ол біздің досымыз.
- B) Өйткені ол ағаштарды қорғайды.
- C) Өйткені ол ұясын үйдің шатырына салады.
- D) Өйткені ол хат тасиды.

2. Кестедегі сұрақтарға жауап беріңіз. Кестеге тірек сөздерді жазыңыз.

Қарлығаш қалай ұшады?	Көгершін қандай құс?	Тоқылдақ қайда мекендейді?	Құстың баласын қалай атайды?
...	...	...	...

Айтылым

2. Тірек сөздерді пайдаланып, үй құстары туралы әңгімелеңіз.

Тірек сөздер: тауық, үйрек, қаз, үй құстары, ауылда, ата, әже, қорада, төмен, жем шашу, су беру, аула, жанды табиғат.

Білім алушының аты-жөні: -----

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтін мазмұныбойынша сұрақтарға жауап береді. Тақырыпқа қатысты сөздерді анықтайды және қолданады.	1	Берілген сұрақтың жауабын анықтайды;	1
		Мәтіннен сұраққа сәйкес тірек сөздерді анықтайды:	
		1 сұраққа сәйкес сөздер:	1
		2 сұраққа сәйкес сөздер:	1
		3 сұраққа сәйкес сөздер:	1
		4 сұраққа сәйкес сөздер:	1
		Сөздерді қатесіз, сауатты жаза алады;	1
Тірек сөздерге сүйеніп әңгімелейді.	2	Тақырыпқа сәйкес мәтін құрап айтады;	1
		Тірек сөздерді орынды қолданады;	1
		Сөйлеу барысында тілдік нормаларды сақтайды;	1

		Тақырып бойынша ойын жүйелі жеткізе алады.	1
Жалпы балл:			10

3-сынып БЖБ №2 «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Бөлім/Тақырып:
Сөйлеу әрекетінің түрлері:
Оқу мақсаты:

«Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен»

Оқылым

Жазылым

3.3.4.1 Мәтін мазмұны мен кейіпкерлерінің іс-әрекетін нақтылау үшін сұрақтар (қандай? қай? қайда?) құрастыру және оған жауап беру;

3.5.1.2 Өз бетінше шағын мәтіннен көптік/тәуелдік/жіктік септік жалғаулы сөздерді ауызша және жазбаша тілде қолдану:

Ойлау дағдыларының деңгейі:

Қолдану

Бағалау критерийі:

Білім алушы

- Мәтіннің мазмұны бойынша сәйкес сөйлемдерді табады;

- Заттың сынын білдіретін сөздерді орынды қолданады;

- Жіктік жалғаулы сөздерді анықтайды.

Орындау мерзімі:

20 минут

Оқылым

1. Мәтінді оқыңыз. Тапсырманы орындаңыз.

Әлібек пен Марат киноға барды. Үйлеріне автобуспен қайтты. Келесі аялдамадан автобуска әжей мінді. Марат орын бермеді. Әлібек орнынан тұрып:

- Әже, мына жерге отырыңыз! – деді.

Әжей Әлібекке:

- Өркенің өссін, балам! Әдепті бала екенсің! – деп, алғыс айтты.

• Мәтінге сәйкес сөйлемдерді белгілеңіз (✓).

Әлібек пен Марат дүкенге барды.

☐


Әлібек әжейге орын берді.

☐

Автобусқа атай мінді.	
Әжей алғыс айтты.	

Киноға	мінді
Автобусқа	бермеді
Алғыс	айтты
Орын	барды

- Әлібек қандай бала? Марат қандай бала? Диаграмманы толтырыңыз.



Жазылым

2. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жазыңыз.

Мен гүлге суды ертең құя... .
 Сен ерке емес... .
 Ол бүгін кино көре... .
 Біз ұқыпты оқушы... .

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтін мазмұнына сәйкес сөздерді табады, сөздерді дұрыс сәйкестендіреді, кейіпкерлердің іс-әрекетіне дұрыс жауап береді	1	1 сәйкес сөйлемді табады;	1
		2 сәйкес сөйлемді табады;	1
		1 сөзді дұрыс сәйкестендіреді;	1
		2 сөзді дұрыс сәйкестендіреді;	1
		3 сөзді дұрыс сәйкестендіреді;	1
		4 сөзді дұрыс сәйкестендіреді;	1
		Әлібектің іс-әрекетіне дұрыс жауап береді;	1
		Мараттың іс-әрекетіне дұрыс жауап береді.	1
Жіктік жалғаулы сөздерді жазбаша тілде қолдана алады.	2	1 сөйлемге дұрыс жалғайды;	1
		2 сөйлемге дұрыс жалғайды;	1
		3 сөйлемге дұрыс жалғайды;	1
		4 сөйлемге дұрыс жалғайды;	1
		Сауатты, қатесіз жазады.	1
Жалпы балл:			13

4-сынып ТЖБ «Қазақ тілі» пәнінен 1-тоқсанға арналған тапсырмалары

Тыңдалым

1. Мәтінді тыңдаңыз. Тапсырмаларды орындаңыз.

Бір адам жолда ескі тағаны көріп:

- Балам, анау тағаны алшы! – дейді.


- Әке, ескі таға ғой, пайдасы жоқ, - деп, бала тағаны алмайды. Әкесі тағаны өзі алады.

Әкесі ескі тағаны ұсталарға үш тиынға сатады. Шие сатып алады. Әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Бала шиені жерден алып, жейді. Ол жерге түскен шиені он рет алып жейді. Әкесі баласына:

- Көрдің бе: «Пайдасы жоқ!» - деп, тағаны алмадың. Шиені он рет алдың. Есінде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете алмасаң – көптен құр қаласың, - дейді.

(Ы.Алтынсарин)

1) Мәтіннің мазмұны бойынша суреттердің ретін көрсетіңіз (1, 2, 3, 4, 5, 6).



2) Сұрақтарға жауап беріңіз. Кестеге тиісті сөздерді жазыңыз.

Әкесі жолдан не тауып алды?	Әкесі тағаны кімге сатты?	Әкесі баласына не деді?
-----	-----	-----
-----	-----	-----
-----	-----	-----
-----	-----	-----
-----	-----	-----

--	--	--

Оқылым

2. Мәтінді оқыңыз. Тапсырмаларды орындаңыз.

Жазда ағам екеуіміз атамның ауылына бардық. Атамның қорасында жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі бар. Оларды «үй жануарлары» немесе «мал» деп атайды. Біз атамызға көмектестік. Малға шөп бердік. Қораны тазаладық. Біз малдың төлдерін жақсы көреміз. Маған құлын ұнайды. Ал ағама бота ұнайды. Қарындасым қозыны жақсы көреді. Ініме бұзау ұнайды. Төлдер әдемі, сүйкімді. Олар шөп жейді, ойнайды.

- Мәтіннің жанрын анықтап, белгілеңіз (✓).

мақал – мәтел	бата	әңгіме
---------------	------	--------

- Үй жануарларын төлдерімен сәйкестендіріңіз.

Сиыр	қозы
Жылқы	бота
Қой	бұзау
Түйе	құлын

- Кім қандай үй жануарын жақсы көреді? Сәйкестендіріңіз.

ағама



ініме



қарындасыма



Жазылым

3. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, мәтін құрап жазыңыз.

Тірек сөздер: Құстар, табиғат, досы, ұшып кетеді, қорғаймыз, шығарып саламыз, күн суытады, мекендейді.

Айтылым

4. «Жақсы» деген немене? «Жаман» деген немене? тақырыбына диалог құрастырыңыз. Сипаттау сөздерін қолданыңыз.

Балл қою кестесі			
Тыңдалым			
Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	 1 2 3 4 5 6	1	Кемінде 3 сурет дұрыс белгіленгенде 1 балл қойылады.
	Тағаны, сынған тағаны, ескі тағаны	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
	Ұстаға	1	
	Аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың; Азға қанағат ете алмасаң – көптен құр қаласың.	1	
	Жалпы балл:	4	
Оқылым			
Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
2	Әңгіме	1	
	Сиыр – бұзау Қой – қозы	1	2 дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
	Жылқы – құлын Түйе – бота	1	
	Ағама – бота, ініме – бұзау, қарындасыма – қозы.	1	
Жалпы балл:		4	
Жазылым			
Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат

3	<i>Оқушылардың ықтимал жауабы:</i> Құстар – біздің досымыз. Олар жанды табиғатқа жатады. Күн суытқанда құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Біз оларды шығарып саламыз. Құстар орманда мекендейді. Біз оларды қорғаймыз.	1	Мәтіннің құрылымын сақтап, мазмұнын жүйелі жазады.
		1	Сөйлемдердің құрылымын сақтайды.
		1	Тірек сөздерді орынды қолданады.
		1	Орфографиялық нормаларды сақтайды (3 қатеден артық емес)
Жалпы балл:		4	
Айтылым			
Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
4	<i>Оқушылардың ықтимал жауабы:</i> - Марат, жақсы бала деген қандай бала? - Әдепті, ұқыпты, еңбекқор, қайырымды бала. - Сен қандай баласың? - Мен еңбекқормын. Мен кеше құстарға ұя жасадым. Ал сен ше? - Мен әдептімін. Кеше автобуста әжейге орын бердім. - Жаман бала деген қандай бала? - Әдепсіз, еріншек, тілазар, тентек бала.	1	Тақырыпқа сәйкес келетін кез келген диалог қабылданады. Тақырыпқа сәйкес сұрақтар қояды.
		1	Сұрақтарға лайықты жауап береді.
		1	Сипаттау сөздерін қолданады.
		1	Сөйлемдердің құрылымын сақтайды.
Жалпы балл:		4	
Барлығы:		16	

